Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

Қызылорда облысы
Жалағаш ауданы

№92 (9875)
19 қараша, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Ел жаңалықтары

Мемлекет басшысының жұмыс істейтін жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы тапсырмасына орай Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі кешенді іс-шаралар жоспарын қабылдады. Осыған орай алдағы үш жылда Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жастар үшін жалға берілетін 12 мың пәтер салынбақ.

Жастарға 12 мың пәтер салынады

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына сәйкес, 2025 жылға дейін жыл сайын 3 мың пәтер салу және сатып алу көзделіп отыр. Биыл осы мақсатта республикалық бюджеттен 21,6 млрд теңге қарастырылған.

Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бес жыл мерзімге беріледі. Осы кезең ішінде жастардың өз баспанасының бастапқы жарнасын жинау мүмкіндігі тумақ. Ал кейін босаған тұрғын үй келесі үміткерлерге беріледі.

2019 жылдан бері «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыс істейтін жастарға еліміздегі үш мегаполисте 7 мыңға жуық жалға берілетін пәтер салынды. Сонымен қатар бүгінде Астана қаласында «Елорда жастары», Алматы қаласында «Алматы жастары», Қарағанды облысында «Қарағанды жастары», Жамбыл облысында «Әулиеата жастары», Батыс Қазақстан облысында «Орал жастары», Қостанай облысында «Қостанай жастары», Алматы облысында «Алатау жастары», Атырау облысында «Атырау жастары» тұрғын үй бағдарламалары іске қосылды. Бұдан бөлек Павлодар облысында «Ертіс жастары», Абай облысында «Абай жастары», Ақтөбе облысында «Ақтөбе жастары» өңірлік несиелендіру бағдарламалары даярлануда.

Өңірлік бағдарламалар жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен жұмыс істейтін жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге және бастапқы жарнасы 0-10 пайыздан бастап, 25 жылға дейінгі мерзімге жылдық 5 пайыздық жеңілдетілген қарыз беруге бағытталған.

Айта кетейік, аталған іс-шаралар Мемлекет басшысының қолжетімді жалға берілетін тұрғын үйлер салу және жеке баспана сатып алу құралдарын дамыту тапсырмасын іске асыру мақсатында жүзеге асырылуда.

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Кызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Кызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Қаржыгерлер құрмет төрінде

Сейсенбіде аудан әкімдігінде қаржыгерлер бас қосты. Олардың кәсіби мерекесі мен ұлттық валюта күні қарсаңында сала қызметкерлерін қабылдаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов қаржыгерлердің қажырлы еңбегіне тоқталып, аймақтағы экономика және қаржы саласының қызметкерлерін «ҚР Ұлттық валютасы – теңге күнімен» тұспа-тұс келетін кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Қандай қоғамда да, қандай мемлекетте де қаржы-экономика саласының алатын орны ерекше. Мемлекеттің мықтылығы, қуаттылығы, экономикалық әлеуетінің жоғары болуы дамыған қаржы жүйесінің болуымен тығыз байланысты. Жүйелі экономика – қуатты мемлекет дейтініміз де сондықтан.

Аудандық бюджеттің салықтық түсімдері жылдан-жылға ұлғайып келеді. Салықтық түсімдер көлемінің ұлғайғаны аудандық бюджет кірісі көлемінің өсуіне ықпал жасады. Атап айтқанда, 2012 жылы аудан бюджеті 5 млрд 846,8 млн теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 14 млрд 461 млн теңгені құрап отыр. Осындай табыстарға жетуімізге өздеріңіз секілді тәжірибелі, өз ісіне шынайы берілген білікті мамандар, қаржы саласы қызметкерлерінің де өзіндік үлесі бар.

Бүгінгі Ұлттық валюта күні мерейлі мерекесінде ел экономикасының дамуына аянбай күш-жігерін жұмсаған қаржы саласының ардагерлері мен бүгінгі сала мамандарына алғыс білдіремін, – деді өңір басшысы Асқарбек Темірбекұлы.

Расымен мемлекеттік маңызды істердің алға басуына қаржыгерлердің қосатын үлесі зор. Тәуелсіздік алғалы бері бұл саланың да айтарлықтай дамығанын білеміз. 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының өз валютасы, теңге айналымға енді. Бұл экономикасы құлдырап, өндірістер жабылудың азақ алдында тұрған мемлекетіміздің егемендік алғаннан бергі алғашқы жасаған дамудың баспалдағы болды. Еліміз көптеген сыннан сүрінбей өтті, өзінің шекарасын бекітіп, саяси қадамдарын жасай бастады. Төл теңгеміз тәуелсіздіктің айшықты символдарының біріне айналды. Халықтың көңіліне сенім ұялап, болашаққа нық қадам басуына жол ашты.

Тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жылдан астам уақыт ішінде елімізде заманауи экономика қалыптасты. Қазақстан әлемдік қауымдастықта маңызды әріптеске айналды, соның арқасында елімізге аса үлкен көлемде инвестициялар тартылды. Жалағаш ауданында экономикалық өсімді қамтамасыз етуде және әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған жұмыстар үздіксіз жүргізіліп, нәтижесінде экономикада тұрақты өсім қалыптасты. Даму көрсеткіштері де біршама артты. Ұлттық валютамыз айналымға енгеннен бастап Сыр өңірінде де қалыптасып, өсіп-өркендеді. Ал ел экономикасының дамуына аянбай күш-жігерін жұмсап, жауапкершілік жүгін арқалаған қаржы саласының ардагерлері мен сала мамандары мерекелік басқосуда әріптестерінен осындай елеулі еңбектің бел ортасында жүргені үшін алғыс алды.

Мұнан кейін аудан басшысы Ұлттық валюта күніне орай аудандағы қаржы саласының дамуына үлес қосып жүрген сала үздіктеріне Қызылорда облысының “Құрмет” грамотасын, облыс, аудан әкімінің құттықтауын, алғысын табыстады. Сонымен қатар салтанатты жиында сала ардагері Сәрсенкүл Күзенбаева сөз алып, қызметтегі естеліктерімен бөлісе, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова әріптестерін мерейлі мерекемен құттықтады.

Жалпы тәуелсіздік жемісінің бірі осы ұлттық валютамыздың айналымға енгені болса, бүгінде аталған саланың бір ізге түсіп, жүйелі жұмыстың нәтижесінде ел экономикасының жоғарылауына септігін тигізді. Тәуелсіз мемлекет экономикасының темірқазығы төл валютасы екені түсінікті.

Тағдырлы кезеңде қабылданған шешімнің мән-маңызын тереңірек түсіну қиын емес. Әсіресе ұлттық валютаны айналымға енгізу Ел Тәуелсіздігінің қалыптасуына, әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосты. Сондай-ақ аудандық бюджеттің салықтық түсімдері де жылдан-жылға ұлғайып келеді. Салықтық түсімдер көлемінің ұлғайғаны аудандық бюджет кірісі көлемінің өсуіне ықпал жасауда. Ал өңір тайқазанының молаюы дамуға бағытталатын игі істер мен ауқымды жобалардың қолға алынуына және әлеуметтің әлеуетінің көтерілуіне де оң ықпалын тигізеді.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Сессия

Бюджет нақты мақсаттарға бағытталады

Сәрсенбіде Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 26 сессиясы өтті. Сессия отырысында депутаттар бес мәселе қарап, тиісті сала басшыларының баяндамаларына құлақ түрді. Жиында аудан әкімінің орынбасары Алтынбек Дәрібаев, аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева, мәслихат депутаттары, кент, ауыл әкімдері, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Нұржамила Алмасқызы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша хабарлама жасаған аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізуге тоқталды.

– 2022 жылға арналған аудан бюджетін нақтылау биыл он айдың қорытындысымен барлық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің биылғы жылға арналған қаржыландыру жоспарларына қайта есептеу жүргізілді. Нәтижесінде бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және нақты төлемнен қалатын 124 045,8 мың теңге анықталды. 2022 жылға нақтыланған аудан бюджетінің 2 121 208,3 мың теңге жергілікті кірістер болжамы 204 265 мың теңгеге орындалмайды. Жылдың аяқталуына аз ғана уақыт қалуына байланысты аудан бюджетінің шығыс бөлігінің бюджеттік бағдарламаларынан 120 661 мың теңге қысқартылады.

Сәйкесінше аудан бюджетінің жергілікті кірістер болжамының орындалмауына байланысты салық түсімдері қысқартылады, – деген бөлім басшысы салық түсімдері корпоративтік табыс салығы 5 786 мың теңге, жеке табыс салығы 30591 мың теңге, әлеуметтік салық 54 393 мың теңге, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерден 5 000,0 мың теңге, азаматтардан пәтерлер сатудан түсетін түсімдерден 24 891 мың теңге екенін де айта кетті.

Баяндамашының сөзінше, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген 3384,8 мың теңге және өткен жылдың қорытындысымен аудан бюджетінде қалыптасқан бос қалдықты бюджеттік бағдарламаларға қайта бағыттау жобаланбақ.

Айта кетейік, бюджеттік бағдарламаларға бағытталатын қаржы аудан әкімдігі бойынша аппараттың ағымдағы шығындарына, оның ішінде еңбекақы мен әлеуметтік төлемдерге, іс-сапар шығындарына, түрлі шығындарына, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі бойынша «Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт саласынаң мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әлеуметтік көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасына, ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша «Спорт объектілерін дамытуға» ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі бойынша «Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы» бюджеттік бағдарламасына, «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстарына» ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бойынша «Мәдени демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасына жұмсалады. Яғни аудандық мәдениет үйінің “Алтын күз – 2022” іс-шарасын өткізу, Мәдениет және өнерді дамыту орталығының Т.Мәдиев, К.Бердәулетовтерді еске алу арналған іс-шараны өткізу шығындарына бағытталады. Аппараттың ағымдағы шығындарына 789 мың теңге ауыстырылу арқылы бағыттау жобаланды.

Ал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қ.Бөлембаев Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы №64-2 «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы сөз етті.

2 →

Меморандум: Жастар жұмыспен қамтылады

«Менің балам заңгер болады, менің балам экономист, дәрігер, мұғалім болады» деп тізе берсең кете беретін жаттанды сөзді біз естіп өстік. Бұл әрине ата-ана тарапынан балаға артылған сенім екеніне ешкімнің дауы жоқ. Алайда мамандық таңдауды баланың өз еркіне салып, сол төңіректе біз оған тек кеңес беруіміз қажет екенін түсінетін уақыт келген сияқты. Болмаса баланы неқұрлым қазір қоғамда тапшы мамандықтарды игеруіне күш салған абзал. Себебі қазір екі қолға бір күрек таппай жүргендер қатарында кабинетте азаннан кешке дейін компьютер алдында байланып жұмыс жасайтын мамандық иелері көп екенін көріп жүрміз. Керісінше бүгінде біздің қоғамда қарапайым жұмысшы мамандардың тапшы болып тұр. Тіпті дәл осы мәселе әлемнің дамыған елдерінде де күрделі мәселеге айналған. Ал аудандағы Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің бүгінде бұл мәселенің алдын алуға толықтай қауһары бар. Оған жуырда өткен Жұмыс беруші күніне арналған шарада көз жеткіздік.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы Бақытқали Демеуов, облыстық кәсіпкерлік палатасының аудандық филиалы директоры Самат Карипов, колледждің жұмыс беруші әлеуметтік серіктестері «МИРАЖ» шаруа қожалығының өкілі Төрехан Бақтыбаев, «Айнабаева» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Салтанат Айнабаева, «Жалағаш электр тарату торабы» КРЭК басшысының орынбасары Жанболат Тәттібаев және т.б жұмыс беруші шаруа қожалық басшылары, колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.

Іс-шара жоспарына сәйкес қатысушылар алдымен колледждің материалдық-техикалық базасымен танысып, «Жас маман» жобасы бойынша алынған заманауи техникалар және құрал-жабдықтармен танысты.

Осыдан 4-5 жыл бұрынғы аталған оқу орнының жағдайы қалай еді? Иә, тәжірибелі оқытушылар көп болғанымен аграрлық салаға қажетті мамандарды дайындайтын колледжде тәжірибе шыңдауға қажетті озық технологиялар жоқ еді. 2018 жылы министрлік «Жас маман» бағдарламасын жариялап, кәсіптік бағыттағы оқу орындарындағы бұл мәселенің алдын алуға мүмкіндік берген. Бүгінде дәл осы бағдарламаны Ғани Серікбаев басшылық ететін ұжымның құр жібермегені көрініп-ақ тұр.

Оқу орнының басшылық құрамы механизатор және аспаз ісіне қатысты екі жоба дайындап, оны сәтті қорғап шығады. Олар аталған жобада Жалағаш ауданының аграрлық өңір екенін, онда дәл сол жылы 166 шаруашылық 29 мың гектар алқапқа күріш егетінін баяндап, жергілікті шаруашылықтарға тәжірибелі механизаторлар мен аспазшылар қажет екенін дәлелдеп шығады. Тыңғылықты дайындалған қос жоба қолдау тауып, Жалағаштағы аталған оқу орны 439 млн теңге грант жеңіп алды. Тиісті қаражатқа сатып алынған саладағы озық технологиялар мен аспаз ісіне қажетті заманауи апараттар, құрал-жабдықтар бүгінде мұндағы студенттер мен оқушылардың тәжірибе шыңдауына айтарлықтай қолғабыс болып отыр.

Бұрын бұл технологиялар оқу орнына келмей тұрып, колледж түлектері үшін екі қолға бір күрек табу оңай соқпайтын. Себебі олар мұнда бұрыннан қалған көне техникалар мен құрал-жабдықтар арқылы тәжірибе шыңдаған. Ал болашақта бұл жұмыс жасайтын салаға озық технология келгені әлдеқашан. Сондықтан жергілікті шаруашылықтардың басым бөлігі ондағы мамандарды жұмысқа ала бермейтін еді. Алған жағдайда өздері тәжірибеден бір өткізетін. Қазір ше, бүгінде бәрі басқаша. Бұған соңғы жылдардағы колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші толық дәлел.

Әріге бармай-ақ қояйық, өткен жылдың өзінде аталған оқу орнын 129 түлек бітірсе, бүгінде оның 82 пайызы өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан. 9 бала мамандығын жетілдіру мақсатында ЖОО-да білімін жалғастырса, қалғаны Отан алдындағы борышын өтеп жатыр екен. Әрине бұл колледжге келген жаңа технологиялардың жемісі екеніне ешкімнің дауы жоқ. Себебі Ғани Серікбаев мұндағы балалардан білікті маман қалыптастыру үшін теориядан тәжірибеге басымдық беретінін айтады.

Директордың бұл сөзінің растығына жоғарыдағы бір жылдың нәтижесі де дәлел екені анық. Тіпті әлгі бағдарламаның арқасында жыл сайын колледжбен меморандумға отырып, жас мамандарды жұмыспен қамтуды дәстүрге айналдырған жергілікті кәсіпорындар мен шаруашылықтар қатары да көбейіп келеді екен. Олардың ішінде ауыл шаруашылығы саласында өзіндік қолтаңбасы бар аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі «Мираж» бен қоғамдық тамақтану саласында халық сұранысын қамтамасыз етуге қауһарлы «Айнабаева» ЖК бар. Әрине колледж дайындаған мамандарға басқа да жұмыс беруші тараптардан сұраныс жетерлік. Бірақ біз атап өткен қос кәсіпорын оқу орнының түлектерін жыл сайын жұмыспен қамтуды дәстүрге айналдырыпты. Тіпті «Мираж» шаруа қожалығының төрағасы Мейрамбек Бақтыбаев колледж студенттерінің базадағы заманауи техникалармен тәжірибе шыңдауы үшін шаруашылыққа тиесілі алқапты тегін береді екен. Тіпті жанармай жағынан да қарасқан күндер болыпты. Кешегі шарада аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет «Мираж» ШҚ төрағасы мен «Айнабаева» ЖК басшысына Оқу-ағарту министрінің арнайы алғыс хатын табыстады. Жұмыс беруші әлеуметтік серіктес мекемелер колледж үшін өзіндік үлкен орны бар ынтымақтастықтағы ұжым болып табылады.

Қазақстан бойынша 800-ге жуық колледж болса, соның бірі – Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі. Аймақта «Жас маман» бағдарламасымен грант жеңіп алған 6 колледждің бірі де бірегейі осы оқу орны. 60 жылдан астам тарихы бар колледж бүгінде 281 балаға «Электрик», «Механизатор», «Аспаз ісі», «Құрылысшы» және «Дәнекерлеуші» мамандықтары бойынша білім беруде. Қарапайым жұмысшы мамандықтар тапшы болып отырған қазіргі қоғамда бұл колледждің орны ерекше. Колледж директоры Ғани Серікбаев жергілікті кәсіпорындар мен шаруашылықтар тарапынан бүгінде түлектерге сұраныс түсіп жатқанын айтады.

– «Тышқан сойса да қасапшы сойсын» дейді қазекең. Қай шаруаны да өз маманы жасағаны дұрыс. Сонда ғана жұмыста сапа болады, бір жағынан еңбек өнімділігі де еселенеді. Қазір бізден түлеп ұшқан студенттерге жергілікті кәсіпорындар мен шаруашылықтардан сұраныс түсіп жатыр. Әсіресе кешегі бағдарламамен келген озық технологиялар колледж бітірушілерінің жұмыспен қамтылуына сеп болып отыр. Себебі оларға өз мамандығын игертуде теориядан практикаға басымдық береді. Біз бұл техникаларды жергілікті шаруашылықтарға жалға бере алмаймыз, бірақ жалданып олардың жұмысын бітіріп береміз. Осыған дейін заманауи техникаларымызбен бірқатар жергілікті шаруашылықтардың көктемгі және күзгі науқан тұсында жасалатын жұмыстарының барлығын жасап бердік. Оның барлығын осы колледж қабырғасындағы студенттер жасады. Демек біздің оқу орнын бітірген түлектер алдағы уақытта дайын маман болып шығады деген сөз. Жуырда жергілікті шаруашылықтардың біріне талдау жасадық. Әлгі шаруашылықта 70 механизатор жұмыс жасайды. Оның елуінің мамандығы мұғалім, заңгер, дәрігер, тіпті араларында психологтар да бар. Міне, біз осыдан-ақ қарапайым жұмысшы мамандықтардың қоғамда тапшы екенін аңғарамыз. Ал бұл түйткілді мәселені шешуге колледждің толық қауһары жетеді, – дейді оқу орнының басшысы Ғани Серікбаев.

Кешегі шарада Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің директоры Ғани Серікбаев пен Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет және жұмыс берушілер, «МИРАЖ» шаруа қожалығының төрағасы Мейрамбек Бақтыбаев және «Айнабаева» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Салтанат Айнабаева арасында өзара әріптестік меморандумға қол қойылды. Дәл осы құжаттар аясында жергілікті кәсіпорын мен шаруашылық басшысы колледждің біршама түлегін жұмыспен қамти отырып, олардың еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып, жұмыс жасауына жағдай жасайды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бюджет нақты мақсаттарға бағытталады

Бөлім басшысының айтуынша, енгізілетін өзгерістерде өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілмек. Атап айтар болсақ, табиғи зілзаланың немесе өрт оқиғасы орын алған мекенжай бойынша тұрақты тіркелген, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға осы өмірлік қиын жағдайда туындаған сәттен бастап алты ай ішінде жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай көмек көрсетілмек.

Тарқатып айтсақ, қайтыс болған әрбір отбасы мүшесіне бір рет қырық айлық есептік көрсеткіш, азаматқа не оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайда бір рет жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, өмірлік қиын жағдайда қалған, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігі шектеулі адамдарға, яғни туберкулез ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, ай сайын он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда, гемотологиялық аурулармен диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, ай сайын 7,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің ай сайын екі еселенген мөлшерінде көмек көрсетіледі.

Бұдан бөлек сессия отырысында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген шамасынан төмен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан адамдарға өтелетін әлеуметтік көмек туралы да сөз болды. Мәселен, жетім, мүгедектігі бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйлері мен балалар ауылдарының тәрбиеленушілеріне, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын, ата-анасының екеуі де жасына байланысты зейнеткер болып табылатын немесе біреуі мүгедектігі бар адам болып табылатын, құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасыларындағы балаларға, студенттерге әлеуметтік көмек оқу орындары ұсынатын білім беру қызметі мөлшерінде жыл сайынғы бір жолғы төлемнен, сонымен қатар жетпіс екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тамақтануға және тұруға кететін шығындарды өтейтін бір жолғы әлеуметтік көмектен тұрады.

– 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқан, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, басқаларға 100 000 теңге мөлшерінде көмек көрсету ұсынылады. Сонымен бірге ата-аналарымен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргін құрбандарының балаларына, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оны қолдану нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргін құрбандарының балаларына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көмек көрсетуді де назарға алып отыр, – деген аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев сессия отырысының үшінші мәселесіне көшті.

Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 17 қарашадағы №10-2 «Жалағаш ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы баяндаған бөлім басшысы бұл ретте де бірқатар өзгерістердің барын жеткізді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихатының «Жалағаш ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» шешіміне бірқатар өзгерістер енгізу ұсынылып отыр. №10-2 шешімінде көрсетілген «мүгедектер» деген сөз «мүгедектігі бар балалар» деген сөзбен ауыстыру және «өндіріп алу» деген сөз «өтеу» деген сөзбен жаңа редакцияда жазылуы нақтыланды» деді бөлім басшысы Қ.Шамшатұлы.

Мұнан бөлек басқосуда аудандық мәслихат депутаты, комиссия төрағасы Г.Айтжанова аудандық мәслихаттың «Әлеуметтік-мәдени даму, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері, заңдылық және азаматтар құқығы» жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының есебіне тоқталса, аудандық мәслихат депутаты, комиссия төрағасы Ж.Тәттібаев Жалағаш аудандық мәслихатының «Өнеркәсіп, құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық, кәсіпкерлік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының есебі бойынша хабарлама жасады. Соңғы екі мәселе бұған дейін де тұрақты комиссия отырысында жан-жақты талқыланғанын алға тартқан мәслихат депутаттары бұған қатысты ешқандай қарсылық жоқ екенін жеткізді.

Сессияда қаралған күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, баяндамашыларға депутаттар тарапынан сұрақтар қойылды. Аудандық мәслихаттың кезектен тыс өткен 26 сессиясының күн тәртібіне ұсынылған мәселелердің барлығы депутаттар тарапынан қолдау тапты, бірауыздан бекітілді.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

← 1

Сақтансақ, сақтайды

Табиғи апаттың түрі көп. Соның ішінде су мен өрттен болатын апаттың алдын алуда сақтық шараларын қатаң ұстану қажет. Әсіресе тұрғын үйлердегі, қоражайлардағы қауіпсіздік ережелерін үнемі есте ұстаудың маңызы зор. Өйткені табиғи апаттың бәрі тілсіз жау, айтып келмейтіні белгілі.



Бұл ретте төтенше жағдайлар саласының мамандары тарапынан аудан тұрғындарына арналған тілсіз жаудан сақтану қағидалары туралы ескертулер үнемі жасалып келеді. Соған қарамастан кей тұрғындардың қарапайым қауіпсіздік қағидаларын сақтамау себебінен, кенеттен туындаған өрт салдарынан дүние-мүлкінен айырылып, баспанасыз қалып жатқанының да куәсі болып жүрміз. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуші мамандардың айтуынша, тұрғын үйлердегі өрт оқиғаларының кейбірі электр жарығы және тұрмыстық электржылытқыш қондырғыларының ақауынан болады. Олардың алдын алу мақсатында тұрмыста өрт қауіпсіздігін сақтаудың қарапайым қағидаларын есте сақтаған абзал.

Мәселен, электрден болатын өрттердің негізгі себебі қысқа тұйықталған желінің шамадан тыс жүктелуі болып табылады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін электр сымдарын дұрыс жағдайда ұстау, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде зауытта жасалған сақтандырғыштар болуын қадағалау керек. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғышты қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса «қорғанысы» істемейді және желі тоқтың астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулау тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт шығады. Сондықтан әрқашан тек зауытта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электр сымда болуы мүмкін, ол дұрыс жағдайда болуы керек. Өрт электршамынан да туындап жатады, оның вольфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады. Өрт болмауы үшін электр шамдары қағаз және мата абажурларға тимеуі қажет. Сондықтан желіге қосылған қондырғыларды қараусыз қалдыруға, олардың қарауын кішкентай балаларға тапсыруға және перделер, ағаш қалқа және тағы басқа да оңай тұтанатын заттардың қасында оларды қосуға болмайды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Елдің ертеңін бүгін ойлау керек

Ежелден-ақ ұрпағының сүйегіне таңба түсірмеуді ойлаған ата-бабамыз артынан ерген жастарды тек ізгілік пен адалдыққа баулыды. Адамгершіліктің бәрінен биік тұратынын және ол тек тектілердің қанындағы ерекше қасиет екенін саналарына сіңіріп өсірді. Бүгінде сол мемлекеттің дамуы жолында қандай кедергілер көрініс беріп тұр? Қазақстан сыбайлас жемқорлық деген дертпен бетпе-бет келуде қандай жұмыстарды жасауда? Осы және өзге де сұрақтар қазіргі қазақ қоғамының күн тәртібінде тұрғаны белгілі.

Жалпы біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтың түрлерін, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Біз қазір осы дертпен күрес жолында әсіресе өскелең ұрпақтың дұрыс бағытта қалыптасуына күш жұмсаудамыз. Бұл орынды, әрине. Өйткені келешектің тірегі, біздің жалғасымыз осы бүгінгі ұрпақ, жас буын. Олардың жасөспірім кезінен бастап, тіпті оң-солын тани бастағаннан адалдық ұғымын таным-түйсігімен сезініп, біліп өсуі керек. Санасына қандай әсер қалдырсақ, қалай бағыт-бағдар берсек, солай икемделетіні анық. Ал қоғамда көрініс тауып отырған жемқорлықты түбегейлі жою қазіргі сәтте мүмкін болмағанымен, алайда оны азайтуға тиіспіз. Бұл дертпен күресте қазақстандықтардың бірдей атсалысуы маңызды. Өйткені қоғамдағы екіұдайлы пікір қай кезде де мемлекеттің алға басуына кедергі келтіріп, дамудың баспалдағына іліге алмаймыз.

Осы тұрғыда тек ересектер ғана емес, кәмелетке толған жастардың да санасына сыбайлас жемқорлықтың әр адамның жеке басына және мемлекетке тигізетін орасан зардабын сіңіре беруге тиіспіз. Қоғамға төнген қауіпке қарсы іс-шараларды жастар арасында жиі өткізіп, заңнамаларды жетілдіру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам болып күресуді тоқтатпағанымыз жөн.

М.ТҰРСЫНБАЕВА,
аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы

Т.Жүргенов жайлы жерлестерінің естелігі

2023 ЖЫЛ ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖЫЛЫ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ. БҰЛ ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒАНЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫ БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДЕ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНАДЫ ДЕГЕН СӨЗ. ОСЫ РЕТТЕ ҚИЫН-ЫСТАУ ШАҚТАҒЫ ЕҢБЕГІМЕН, ЕРЛІГІМЕН БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ НАЗАРЫН АУДАРҒАН ТҰЛҒАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫН ӨСКЕЛЕҢ ҰПАҚҚА ӨСИЕТ ЕТУГЕ ТИІСПІЗ ДЕП ОЙЛАЙМЫН.

Осыдан 4 жыл бұрын Қазақстанның білім мен мәдениетінің, экономикасының өрлеп өсуіне өлшеусіз үлес қосқан Т.Жүргеновтың туғанына 120 жылдық мерейтойы елімізде кең көлемде аталып өтті. Бұл мерейтой өзінің кіндік қаны тамған Сыр бойының Жалағаш ауданында ерекше үлкен дайындықпен «Алтын күз» мерекесінің аясында тойланды. Аудан орталығында ұлы тұлғаларды ұлықтайтын «Тағзым алаңы» ашылып, онда «Темір наркомның» мрамордан мүсіні қойылып, халқымен қайта қауышты.

Мерейтойға еліміздің түкпір-түкпірінен келген арнайы қонақтар, өнер, білім, мемлекет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аудан жұртшылығы қатысты. Түрлі мәдени, спорттық шаралар өткізілді. Біз соның куәсі болдық.

Дуалы ауыз азаматтардың айтуынша, бұл осыдан бірнеше жыл бұрын өткен Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойынан кейінгі мағыналы да мазмұнды той болған. Атам қазақ айтқандай, «Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» деген осы екен-ау деген ойда қалдық.

Еліміз егемендік алғаннан кейін тарихымыздағы ақтаңдақтардың беті ашылып, қуғын-сүргін жылдарындағы алаштың арыстары халқына қайта қауышты. Оларға жабылған жазықсыз жаланың негізсіз, қасақана жасалғаны жайлы, ақиқат-шындықтарын ақтау жайлы еңбектер жазылып, естелік кітаптар жарық көруде. Осы тұрғыда әріні айтпағанда Темірбектің қалам тартып жүрген жерлестері марқұм, тарихшы, журналшы, жазушы Ахмет Тілеулиев Темірбектің әкесі Қара және оның туыстары жайлы өзінің «Қарақұм» кітабында көптеген мәлеметтерді берген болпатын. Жазушы, этнограф, ғалым Тынышбек Дайрабай, мәдениеттік журналист Болатбек Нұржанов, "Т.Жүргенов" қорының төрағасы Сәпен Аңсат, еліміздің белгілі ақыны, журналист, жазушы Махмұтбай Әміреұлы және осы жолдардың авторы, тағы басқалар түрлі ақпарат беттерінде Темкең жайлы көлемді мақалалар жариялаcа, жас ғалым жерлесіміз Бауыржан Иманғалиевтың "Темірбек Жүргенов" атты монографиялық еңбегі жарық көрді.

Бұл – заңды құбылыс. Себебі Темірбектің өмірі, балалық және жастық шағы т.б деректерді туған жерінің жұрты жақсы білетіндігіне күмән келтіруге болмайды. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары аудан мектептерінде Темірбек Жүргенов інісі Қараның баласы Қосжаннан туған Қиназар деген ағай біздерге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. КАЗГУ-ды бітірген білімді ұстаз еді. Ол кездері біз әңгіме қозғап отырған тақырып жабық болатын. Темірбектің бауыры болғандықтан сол заманның салқыны Қиназар ағайға да соғып өткен болу керек. Ол кісі көп сөйлемейтін. Мінезі тұйық, тек қана өзінің жұмысын білетін кісі еді. Сол кісіден «жылымықтың лебі» ескеннен кейін Т.Жүргенов жайлы алғашқы мағұлмат естіген едік.

Ол кездері мектеп оқушылары оқу жылының алғашқы екі айын колхоздың егін жинау науқанына, күріш орағына қатысатын. Жыл сайын біздерді осы жұмысқа Қайназар ағай басқарып, алып баратын. Біз сияқты тәуір оқитын, жазу-сызуға үйір оқушыларды Қайназар ағай өзіне жақын тартатын. Кейде ағай бізді өзімсініп, өмір жолынан да әңгіме айтатын. Ауылда бұйығы өскен біздер сол кісіден «халық жауы» деген жала жалған қорқынышты сөздердің мағынасын естіген едік.

1958 жылы №31 мектептің жоғары сынып оқушылары қазіргі «Мақпалкөл» ауылының бұрынғы Ленин атындағы колхоздың күріш орағына бардық. Жетекшіміз – Қайназар ағай. Қыркүйектің орта кезі болатын. Күнделікті мөлшерде межемізді орындап, ағайдың жанына бардық. Ағайдың кеуілі бұзылып, жабырқаулы отыр екен. Ол кездері оқушылар ұстазды «пір» тұтатын еді. Біз ыңғайсыз жағдайда қалдық.Ағай бізге отырыңдар деп ишарат білдірді. Біз ағайдың қасына жайғастық. Қайназар ағайдың сондағы айтқаны: – Менің туып өскен, балалық шағым өткен осы жер. Анау төбе – біздің атамыз Қараның қыстауы. 1937 жылы Алматыда үлкен қызметте болған Темірбек ағам ұсталып, «халық жауы» деген жаламен атылып кетті. Біздің әулет қуғын-сүргінге түсті, – дегенде, біз бұл сөздің себеп салдарын білмей, бойымызды қорқыныш билей бастады. Ағай бұл ұғымды түсінбей отырған бізге, түсінікті тілмен бізді бай деп қудалады деп қысқаша түсінік жасады.Темірбек аға атылып, жеңгеміз ұсталып кеткеннен кейін Темкеңнің жанашыр азаматтары ағаның есі кіріп қалған баласын ауылға біздің қолымызға жеткізіп берді. Анау төбе – біздің қыстаудың орны. Басқа ортада орысша оқып тәрбиеленген баланың қазақ ортада өмір сүруі қиын да қайғылы болды. Бала таңертең ерте тұрып, келген жағы шығысқа қарап, папа, мама деп еңіреп жылайды. Біздердің аза бойымыз тітіркенеді. Ол ауылда қазақ мектебіне де барып жүрді. Кейін жоғары жақтан бір кісілер келіп, баланы алып кеткені есімде деп ағай да көзіне жас алған еді. Кейін КАЗГУ-ге оқуға түстім. Дәмеш жеңгемнің үйіне де жатып оқыдым деп ішіндегі шерін тарқатқандай болды.

Біз ол кезде жас едік. Ағаның Темірбек жайлы және өз өмірінен деректерді не мақсатта айтып отырғанын түсінбеген едік. Кейін ойлап қарасақ, Темірбек сияқты тұлғалар мен ұстазымыз өзінің өмір деректерінен сендер де хабардар болыңдар дегені екен ғой. Тақырып Т.Жүргенов жайлы болғандықтан ол кісімен ХХ ғасырдың басында аймақтағы бірде-бір оқу орны болған Аламесектегі екіжылдық орыс тузем мектебінен білім алып, бірге оқыған Темірбектің замандасы сол бір зұлмат заманда Қара әулетіне және олардың туыстары басын бәйгеге тігіп, қол ұшын беріп, сол үшін де «Т.Жүргеновтың құйыршығы» атанып, Т.Жүргеновтен соң «халық жауы» атанып, жиырма жыл сібірге айдалған. Жазасын өтеп он сегіз жыл сібірдің қақаған аязында ағаш кесіп, азапты жылдарды басынан өткізген. 1956 жылы елге оралып, бұрынғы қызметі қалпына келтіріліп, Тереңөзек, Жалағаш аудандарының құрметті ақсақалы болып өмірден өткен Сейіткерей Усабаев әкеміздің Темірбек Жүргенов жайлы айтқан естелігі еріксіз есіме түсті.

1984 жылдың маусым айы болатын. Ол кезде мен Аққұм кеңшары партия комитетінің хатшысы болатынмын. Жаздың жадыраған бір күні сәскеге таман кеңшар директоры Сейітнәби Мұқашев "Раке, бүгін ауылға Сейіткерей Усабаев әкең қасында екі үш ақсақалы бар осында шақырылған тойға келе жатыр. Жұмысың қауырт болмаса, сол кісілерді күтіп алып, бірге болайық деді. Сен ол кісіні білесің бе? Өмірінен хабардарсың ба?" деп мені сынағандай сұрай бастады.Мен де білемін деп жауап қайтардым.

Сейіткерей әкемді алғашқы көргенімді еске түсірдім. 1956 жылдың жазы болатын. Ол кезде біздің қазіргі Бұқарбайдан оралған бір топ бала суға түсіп жатыр едік. Ішіміздегі ересек бір бала, "бүгін ауылға ұзақ жылдарға сотталып кеткен бір әкеміз түрмеден босанып, елге сәлем беремін деп келе жатыр" деді. Оның сөзіне онша мән бермей, үйге келсем, күн шықпай колхоздың жұмысына кететін әкем, құтты тойға баратындай барын киіп, бір жаққа жүретіндей дайындалып жатыр екен. Менің өзіне оқыс таңқалғанымды сезіп, "Түрмеден босанып, ағайынға сәлем беруге келе жатқан «халық жауы» атанып сотталған Сейіткерей әкең келе жатыр. Сол кісіні паромнан күтіп аламыз. Дүйсенбай әкеңнің үйінде қонақ болады" деді.

Бұл әкеміз кезінде колхоздың төрағасы, ферма меңгерушісі т.б да ат үстінде жүріп қызмет атқарған әкемнің туған ағасы болатын. Сонымен үлкен кісілердің соңына еріп, паромға бардық. Арғы беттегі бір топ аттылы-жаяулы кісі паромға мініп, бергі жағаға өтті. Ішінде ұзын бойлы, ат жақты, алпысқа таяп қалған ақ кителі, ақ шалбарлы, ақ қалпақты сұлу кісі басқалардан өзгеше болып, ағайындармен құшақтасып, амандасып жатты. Қасында елдің құрметті ағалары Бекжан, Сәудан, Сейтен, Шоңбай, Абыт т.б бар. Содан Сәкенді алғаш көрген болатынмын. Кейін Сейіткерей әкеміз ауылдағы той-томалақ, өлім-жітімге келіп жүргенде бірге болғаным бар.

Біз қонақтарды күтіп алып, шақырған үйге бірге бардық. Дайындалған үйде Сейіткереймен бірге Тайман қари, Мұстаяпов Исахан т.б төрт-бес кісі болды.Отырыс көңілді басталып, билікті Сәкең Мұқашев ағамыз өз қолына алып, түрлі тақырыптардан әңгіме қозғады. Сәйтінбет аға өзі тарихшы және әңгімешіл болғандықтан әңгіменің төркіні Сейіткерейдің өмір жолы, сол жақтағы өмірінен деректерді білуіне бағытталған сұрақтар қойылып отырды.

Ол кісі маған қолпаштау мен мақтануды сүйе бермейтін, сөзге сараң, аз сөйлеп, сұраққа нақты жауап беретін тұйық мінезді, сабырлы адам болып көрінді. Ол жақтағы өмірі жабық күйде калатынын ескертті. Мен оған бұл ұстамдылық пен қасиетті өмірдің өзі үйреткен-ау деген ойда болдым. Кенет Сейітнәби аға: – Сейіткерей аға, жас кездеріңізде өңірде екі адамның қолы жете бермейтін ескіше де, жаңаша да мектептерде оқып, білім алып, жауапты қызмет атқардыңыздар. Білуімше, сіз 1934-1935 жылдары Алматыдағы Марксизм-Ленинизм курсында оқып жүргеніңізде Т.Жүргенов пен силастықта болыпсыз. Ол кісі ұсталып кеткенде де Ырғыз ауданындағы Қараның әулеттері мен туыстарын елге Сырға қашыруға жолбасшы дайындап, көмек беріпсіз. Ол туралы сол кісілердің ағайындары жақсы біледі. Сол жайлы өзіңізден естісек деп сұрақты төтесінен қойды. Мұндай сұрақты күтпеген Сейіткерей ақсақал әлі де бұл тақырыптың жабық екенін ескерткендей, бойын тіктеп алып,біліп отырсаң, несіне сұрайсың дегендей, сынай танытты. Сұрағыңа жауап дегендей, ол кездері өзінің айтып отырған оқуды ауқатты отбасының балалары оқыды. Біздің әкелеріміз елге танымал адамдар болды.Ал біздің сыйластығымыз ол ұсталып, мен айдалып кеткенше жалғасып тұрды. Біз зобалаң заманның құрбаны болдық. Халқының жарық жұлдызындай болған Темірбекті нақақтан-нақақ «халық жауы» деп атса, елдегі мына Тайман қариды молдасың деп қудалады. Мені сонау Ырғыз аудандық Кеңес атқару Комитетінің төрағасы қызметінде жүргенімде «халық жауы» Т.Жүргеновтың әулетін, туған-туыстарына көмек беріп, Ырғыздан Сырға қашырды, Жүргеновтың құйыршығы деп айыптап, жиырма жылға соттады. Сібірге айдады. Біздің ұрпақтың басынан не өтпеді десеңші. Тұздәм таусылмай елге оралды. Сол кезде атылып кетпей бүгін сіздердің орталарыңызда отырмын. Бұған тәубе деймін, жігіттер" деді Сейіткерей ақсақал.

Т.Жүргеновпен Аламесекте бірге оқыған, саналы ғұмырын сыйластық пен өткізген Сейіткерей Усабаев кім еді? Ол қазіргі Жалағаш, бұрынғы Тереңөзек аудандарының шығыс бөлігіндегі елді мекендерді қамтыған Байзақ болысының Комсомол кейін болыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы, Ақмешіт уездік комитетінің хатшысы, Қызылорда, Қармақшы, Шәуілдір, Ырғыз аудандарының атқару комитетінің төрағасы, аудандық, облыстық сайланбалы орындарға депутат, мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарған осы ауданның тумасы болған азамат. Тағы бір Жүргенов пен кездескен жерлесіміз Темкеңнің шапағатын көрген кісілердің бірі ауданымыздың белгілі азаматы, марқұм, еңбек, соғыс ардагері Байтөреев Мәдібай Баймаханұлы болатын. Өзінің естелігінде Мәкең былай деп еске алды. Отызыншы жылдардың екінші жартысында мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматыдағы КАЗГУ-дың физика-математика факультетіне оқуға түстім. Бұл кезде елде қуғын-сүргіннің аласапыраны басталып, ұлтымыздың зиялы қауым өкілдерінің басына қарабұлт үйіріліп жатқан кез болатын. Менің де артымнан атасы болыс болған деген арыз түсіп, оқудан шығарылдым. Сол кездері Темірбек Жүргенов Мәдениет және ағарту саласының халық комиссары еді. Комиссариаттың ғимараты университеттің жанында болатын. Біздер ол кісіні жиі көріп тұратын едік. Енді неде болса сол кісінің алдына баруға бел будым. Комиссариаттың хатшылығына тізіліп, қабылдауында болдым.Темкең мені жақсы қабылдады.Өзімнің қай жақтан не үшін оқудан шығарылғанымды баяндап бердім. Ол кісі сабырмен, зер салып, мұқият тыңдап отырды. Оқу еліміз үшін бүгінгі заманның ғылымы мен ағарту саласына қажетті мамандық екен. "Сен қазіргі қоғамда болып жатқан ағымдардан аулақ болып, оқуыңды университет жанындағы жаңадан ашылған педагогикалық жұмысшы жастар бөліміне ауысып, сонда жалғастыр. Мүмкін тегіңді өзгертерсің" деп ағалық кеңес берді. Мен солай жасадым деп еске алған естелігінде Мәкең жоғарыда баяндалған жайттар Темірбек туралы екі-үш жерлесінің естеліктері. Ал халқының жарық жұлдызындай болып дүниеден өткен Темкең туралы әлі де бізге жетпеген өмірдеректерін зерттеп, оны оқырмандарға хабардар ету жерлестері, біздің іс болуы керек.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

ЖОБА

ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 ақпандағы №37-9 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6710 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы **Г. Құрманбаева**

Жалағаш аудандық мәслихатының
2022 жылғы «____» __________
№____ шешіміне қосымша

Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы бір есептік бірлікке, м³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,13
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,44
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,80
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,25
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,70
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0003
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,14
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,50
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,15
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м²	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м²	0,07
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м²	0,45
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м²	0,24
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м²	0,20
17	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,18
18	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м²	0,25
19	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м²	0,22
20	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,41
21	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,86
22	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,81
23	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м²	0,21
24	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м²	0,14
25	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,10
26	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м²	0,16
27	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,09

ПРОЕКТ

РЕШЕНИЕ ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по Жалагашскому району

В соответствии с подпунктом 2) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Жалагашский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Утвердить нормы образования и накопления коммунальных отходов по Жалагашскому району согласно приложению к настоящему решению.

2. Признать утратившим силу решение Жалагашского районного маслихата от 22 февраля 2019 года №37-9 «Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов, тарифов на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов по Жалагашскому району» (зарегистрирован в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №6710).

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь Жалагашского районного маслихата **Г. Курманбаева**

Приложение к решению
Жалагашского районного маслихата
от «___»__________ 2022 года
№ ____

Нормы образования и накопления коммунальных отходов по Жалагашскому району

№	Объект накопления коммунальных отходов	Расчетная единица	Годовая норма на одну расчетную единицу, м³
1	Домовладения благоустроенные и не благоустроенные	1 житель	1,13
2	Общежития, интернаты, детские дома, дома престарелых и другие подобные объекты	1 место	0,44
3	Гостиницы, санатории, дома отдыха	1 место	0,80
4	Детские сады, ясли и другие дошкольные учреждения	1 место	0,25
5	Учреждения, организации, офисы, конторы, банки, отделения связи	1 сотрудник	0,70
6	Поликлиники, медицинские центры	1 посещение	0,0003
7	Больницы, прочие лечебно-профилактические учреждения	1 койко-место	0,91
8	Школы и другие учебные заведения	1 учащийся	0,14
9	Рестораны, кафе, прочие увеселительные заведения и учреждения общественного питания	1 посадочное место	0,50
10	Театры, кинотеатры, концертные залы, ночные клубы, казино, залы игровых автоматов, интернет-кафе, компьютерные клубы	1 посадочное место	0,15
11	Музеи, выставки	1 м² общей площади	0,03
12	Стадионы, спортивные площадки	1 место по проекту	0,03
13	Спортивные, танцевальные и игровые залы	1 м² общей площади	0,07
14	Продовольственные и промышленно-товарные магазины, смешанные магазины	1 м² торговой площади	0,45
15	Торговля с машин	1 м² торгового места	0,24
16	Рынки, торговые павильоны, киоски, лотки	1 м² торговой площади	0,20
17	Дома быта: обслуживание населения	1 м² общей площади	0,18
18	Вокзалы, автовокзалы, аэропорты	1 м² общей площади	0,25
19	Аптеки	1 м² торговой площади	0,22
20	Автостоянки, автомойки, АЗС	1 машино-место	1,41
21	Автомастерские	1 работник	0,86
22	Парикмахерские, косметические салоны	1 рабочее место	0,81
23	Прачечные, химчистки, ремонт бытовой техники, швейные ателье	1 м² общей площади	0,21
24	Мастерские ювелирные, по ремонту обуви, часов	1 м² общей площади	0,14
25	Мелкий ремонт и услуги (изготовление ключей и т.д.)	1 рабочее место	0,10
26	Бани, сауны	1 м² общей площади	0,16
27	Юридические, организующие массовые мероприятия на территории района, парковые отходы	1000 участников	0,09

Ай өтіпті өзіңсіз



Зымырап жатқан уақыт деген осы, отбасымыздың тірегі, асқар тауымыз Ержанов Ғазиз Төлеубайұлының ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол ардақты әкеміздің бақилық болғанынан бері де ай өтіпті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде шара болған ба?! Әкеміздің қазасы бізге ауыр тигенімен сынаққа сабыр қылмасқа амал жоқ. Өкініштісі, енді ардақты азамат хақында тек өткен шақпен естеліктер айтатынымыз.

Ержанов Ғазиз Төлеубайұлы 1937 жылы 25 қаңтарда Қостанай облысының Аманкелді ауданында дүниеге келген. Жоғары оқу орнын бітірген Ғазиз Ержанов алғаш еңбек жолын Сыр бойында бастап, кейін түрлі салада басшылық қызметте абыройлы еңбек етті.

Иә, атпал азаматтың Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына да қосқан үлесі ұшантеңіз. Ғибратты ғұмыр иесінің ауданның дамуы жолында атқарған еңбегі ескерусіз қалған емес. Ардақты әкеміз Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атанды және сол абыройлы атаққа лайықты еңбек еткенін елі жақсы біледі.

Жастық шағында барлық күш-жігерің мен қарым қабілетіңді еліңнің ертеңіне сарп етіп, сол жолда жемісті жұмыс жасау – кез келген адамның басына бұйыра бермейтін бақ. Ал осы бақ-беделге Ғазиз Ержанов үлкен еңбектің, тынымсыз ізденістің, мақсатты қадамдар мен маңызды сәттерде қабылдаған оң шешімдерінің арқасында қол жеткізді. Ол зейнет жасына жетсе де еңбектен қол үзген жоқ. Әсіресе оның спорттан өмірінің соңына дейін қол үзбеуі өскелең ұрпаққа үлгі екені даусыз. Кешеге дейін ардагерлер арасында ұйымдастырылып келген тоғызқұмалақтан аудан біріншілігінде Ғазиз Ержановтың алдына ешкім шыға алмапты. Ол – өмірде «Елімнің жарқын болашағына тамшыдай болса да қалай үлес қосамын?» деген сауалға адал еңбегімен жауап тапқан азамат.

Осы жолда тынбай еңбек еткен атпал азаматтың алған марапаты құрметті азаматпен шектелмеді. Ол осы күнге дейін қаншама алғыс хаттармен, төсбелгілермен, медалдармен марапатталды. Біз осынша абырой-беделдің бір азаматтың бойынан табылуында үлкен ізденіс пен тынымсыз еңбектің себеп болғанын жақсы білеміз. Сол үшін де асқар тау әкемізді мақтан тұтамыз. Өкініштісі, сол ардақты азамат 2022 жылдың 19 қазанында 85 жасқа қараған шағында бақилық болды. Сіз біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталасыз, ардақты әке. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын. Өзіңізді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз.

Сенсің менің барым, жырым, дастаным,
Ізгілікке бізді үнемі бастадың.
Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе,
Жатқан жерің жайлы болсын, асқарым.

2022 жылы 26 қарашада сағат 12.00-де Жалағаш кенті Абай көшесі №9 үйде Ғазиз Ержановтың 40 күндік асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар қыздары Қорлан, Айжаң, Ардақ

Алтын ұя

Барлық білімнің бастауы болған қасиетті кітап Құранда да ілім іздеп, білім алу парыз еткен. Содан бері адамзат баласы тал бесік пен жер бесіктің арасындағы бар ғұмырын білім алумен, ізденумен өткізіп келеді. Ақыл-ойды кемелдендіріп, көкірек көзін нұрландыратын сол білім-ғылымның негізі мектептен, бастауыш сыныптан қаланатынын ескерсек, оған қойылатын талаптың да жылдан-жылға жауапкершілігі күшейіп келе жатқанын түсінеміз. Бүгінде адамзат санасы жерді қойып, ғарышты аралап кетті. Бұл – білім-ғылымның, ізденістің нәтижесі. XXI ғасырдың талабы – ғылыми технология. Біз де көштен қалмай сол үдеден шығуға тиіспіз. Сол үшін аталған министрлік білім беру жүйесіне реформалар жасап, бағдарламаларды жылдан-жылға жетілдіріп, дүниежүзілік стандарттарға сәйкестіндіріп келеді. Нәтиже жоқ емес, бар. Қазіргі жастардың көбі азат саналы, білімді әрі жаңашылдыққа құмар.

Талабы – білім, бағыты – болашақ

Жалағаш ауданы Темірбек Жүргенов ауылындағы Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп – ауданымыздағы алдыңғы қатарлы білім ошақтарының бірі. Мектептің тарихы өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастау алады. Содан бері бұл мектепті білім беру саласына еңбегі сіңген педагогтар басқарды және білікті мұғалімдер ұстаздық етіп, бірнеше буын білімді шәкірт тәрбиелеп шығарды. 1987 жылы қазіргі екіқабатты оқу ғимараты пайдалануға берілді. Мектепке 1992 жылы 15 мамырда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің №527 Қаулысымен ақын Әбдікәрім Оңалбаевтың есімі берілсе, 2004 жылы 27 сәуірде мектеп алдына ақынның ескерткіші қойылды.

Қазірде Райса Ілиас басшылық ететін бұл мектепте 311 оқушы білім алса, 70 мұғалім еліміздің келешегін қалыптастыруда аянбай еңбек етіп келеді. Олардың ішінде 64 жоғары білімді және 2 арнаулы орта білімді педагог бар, оның 13-і жоғары санатты, 25-і I санаттағы ұстаздар.

Мектеп басшысының айтуынша, бүгінгі күні оқу мен тәрбиелеу үрдісінде әдіс-тәсілдерді жетілдіру, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Сондықтан әр мұғалім өзіндік дайындығына, ой-санасының тереңдігіне қарай ізденеді. Нәтижесінде, соңғы 3 жылда 47 мұғалім түрлі деңгейдегі білім жетілдіру курстарынан өтіпті. Расымен мақаламыздың басында айтқанымыздай, бүгінгі білім беру саласының қызметкерлеріне, соның ішінде мұғалімдерге өте жоғары талап қойылып отыр. Нақтырақ айтсақ, қазірде мұғалімге білім мен біліктіліктен бөлек, жаңашылдық та аса қажет. Өйткені қазір технологиялық өркениеттің ғасыры. Әлем күн санап емес, сағат санап жаңарып жатыр. Сондықтан біз де сол жаһандық даму үдерісіне ілесуіміз керек. Ол үшін орта мектеп мұғалімдерінің алдында білімін толықтырып, біліктілігін арттырып, өзін жан-жақты жетілдіріп отыру міндеті тұр. Бұл тұрғыдан ақын атын иеленген мектепте жетістік бар екенін көрдік.

Мұғалім білікті болса, оқушы білімді болады. Шәкірттің зейінін ашып, ынтасын оятатын ұстаз. Оқушының әр жетістігі – мұғалімнің тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Мұғалім мен оқушының қуанышы – мектептің абыройы. Аталған мектепте «Бала – біздің болашағымыз» деген ұстанымды ұранға айналдырған педагогикалық бағыты айқындалған нағыз білім саласының майталман мамандары бар екен. Соның нәтижесінде оқушылар әр пән бойынша өтетін түрлі білім бәсекелерінде жарқырап көрініп жүр. Мәселен, 2021-2022 оқу жылында Айтбай Мирас, Әубәкір Асылхан, Амандық Гүлдана, Шарапат Исмайл, Ғани Қарақат, Қоңтай Ақнұр, Тайшабай Меруерт, Тұрлыбек Ақнұр, Күмісбай Ернұр, Рақымжан Меруерт, Нартай Бақтияр, Руслан Еркебұлан, Қалдан Көркем, Жұмағали Таңсұлу, Төребек Аружан, Бәкида Әлихан, Райхан Сабыржан, Базарбай Әбілмансұр, Базарбай Расул, Әлібек Нұрислам, Әбубәкір Ақнәзік, Мереке Сара, Бақытбек Нұрғиса, Нартайқызы Кәмшат, Есболған Милана, Бақытбек Ақжібек, Қалдан Інжу, Қаунышбек Еркенұр, Жаңбыр Арайлым, Әпір Нұрай, Асан Нұрсезім, Қамбар Диана, Қуандықұлы Дамир, Кеңесбек Арсен, Егізбай Сезім, Өмірзақ Бибінұр, Қойшығұл Ақжарқын, Мусабек Қызғалдақ, Әмірбек Ақнұр, Жаңабек Ханбүркіт, Мінаш Дана, Қамбар Диас, Әлібек Ерсайын, Тынысбек Толғанай, Тетебай Нұрдана, Өмірзақ Асылназ, Абат Бибігүл, Жанат Гүлдана, Өтеген Ұлболсын, Шыңғысұлы Айбатыр, Әлібек Нұрислам, Бақытбек Нұрғиса, Қайратқызы Мейірім, Тұрғанбек Ерасыл, Меркемел Нұрдәулет, Мәліккали Жанель, Алтынбек Сәнім, Диас Өмірзақ, Асхат Әмірбек секілді зерделі, өнерлі, спортшы оқушылар түрлі жарыстардан жүлделі орындар иеленіп, мектебінің абыройын көтеріп жүр. Осы орайда зейінді шәкірттерді тәрбиелеп келе жатқан Ғаниева Гүлбану, Бекназарова Эльмира, Амангелды Арман, Кәден Жансая, Найманова Гүлзат, Мамбетова Раушангүл, Әлмаханова Мөлдір, Досжанова Тасбике, Рақымбаева Гүлнар, Дүйсенова Гүлзат, Бәкірова Әлия, Әлмаханова Мөлдір, Нұрылда Айнұр, Әбжапбарова Гүлсім, Г.Қалиева, Нағыметова Нұрсұлу, Көзберген Гүлпатша, Әлішова Құралай, Дүйсенова Гүлзат, Жаңабаева Гүлнара, Омарова Алтын, Төрехенов Талғат, Тоғызбай Сәбит, Әлтаева Орынтай, Қалдығұлов Мұхит, Ахметова Бақыт, Бәкірова Әлия, Шыңбай, Нұртаева Венера, Қайырбергенова Ақмаржан, Амангелды Арман, Сейдалиева Шолпан, Бекшенова Жазира,Ембергенов Еркін сынды шығармашыл мұғалімдердің аты-жөндерін атап кетпеске болмайды.

Мектепте биылғы жаңа оқу жылының басынан бүгінге дейінгі жетістіктерді тізбектеп санамалауға келіп қалған. Мәселен, мектеп басшылығы «Бір мұғалім – бір жетістік» бастамасын қолға алған және ол жақсы нәтижемен басталған. Айталық, жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық «Ахмет Байтұрсынов оқулары» білім сайысының аудандық кезеңінен 8 сынып оқушысы Ғани Қарақат жүлделі III орынды иеленген. Жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ақерке Дәруіш. Сонымен бірге мектеп оқушылары арасында ұлттық ойын тоғызқұмалақтан өткен аудандық жарыста №117 орта мектептің 8 сынып оқушысы Райхан Сабыржан жақсы ойын көрсеткені үшін марапатқа ие болса, облыстық оқушылардың спартакиадасына іріктеу мақсатында қол добынан 5-11 сынып оқушылары арасындағы өткізілген аудандық жарыста №117 орта мектептің 10 сынып оқушысы Темір Назым үздік ойын көрсеткені үшін марапатталды. Сонымен бірге «25 қазан – Республика күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары арасында өткен гір спортының аудандық біріншілігінде 40 келі салмақ дәрежесінде Базарбай Расул II орын, +40 келі салмақ дәрежесінде Базарбай Әбілмансұр II орын, ал 50 келі салмақ дәрежесінде Райхан Сабыржан II орын иеленді. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Жанат Әбуов пен Қалдығұлов Мұхит оқушыларды спортқа баулып, оларға бағыт-бағдар көрсетіп келеді.

Расында бесіктегі баладан еңкейген қарттарға дейін қолындағы смартфонға байланып, денеміздің қозғалыс динамикасы бәсеңдеген дәл бүгінгі күні балаларға, оқушыларға, тіпті ересек адамдардың өзін жаппай спортқа тарту басты мәселеге айналып отыр. Тіпті мемлекеттің өзі бұқарлық спортты дамытып, халықты салауатты өмір салтын ұстануға үндеп отыр. Бұл тұрғыда мұғалімдердің де өз айтары бар екен.

– Жасыратыны жоқ, қазіргі балалар әлсіз. Соның ішінде ер балалардың көбі әлжуаз. Бала психологиялық тұрғыдан мықты болуы үшін оның физикалық қабілетін оятуымыз керек. Қимыл-қозғалысы шектелген баланың ақыл-есі де шектеледі және мінезінде де өзгеріс болып, тұйықталады. Үнемі спортпен шұғылданатын баланың бойы да, ойы да сергек болады. Сабаққа деген ынтасы да жоғары болады. Бұны күнделікті көз алдымызда жүрген оқушылардан байқаймыз. Яғни өмір тәжірибемізде бар. «Спорт – денсаулық кепілі» деген қанатты сөз бекер айтылмаған және ол әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Мен дене шынықтыру пәні мұғалімі және оқушылардың ұстазы ретінде орта білім беретін мектептерде білім, тәрбие берумен қатар балаларды спортқа баулудың маңызын арттырса дегім келеді. Өйткені ғылыми технология шарықтап дамып бара жатқан ғасырда өмір сүріп жатқан адамдардың физикалық қозғалысы шектеліп барады. Соның ішінде оқушыларды ерекше атап айтуымыз керек. Адамның физикалық қабілеті төмендесе, мидың қызметі де бұзылатынын ескеруіміз керек секілді. Осы мақсатта мектебімізде түрлі спорттық шаралар ұйымдастырып, оқушыларға жас ерекшеліктеріне қарай сабақтан тыс уақытта футбол, баскетбол, волейбол ойынатамыз, – дейді дене шынықтыру пәні мұғалімі Жанат Әбуов.

Тәрбиесіз берілген білім түбінде адамзатқа қауіп әкеледі. Мектепте тәрбие саласы бойынша жоспарлы түрде жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр екен. Мұғалімдерден бөлек оқушылар өзін-өзі басқаруға бейімделген. “Мектеп парламенті” жұмысы жолға қойылыпты. Оған жетекшілік ететін Мақпал Есқұлбаеваның оқушылар парламентін жандандыруға күш салып келе жатқаны қуантады. Сонымен бірге мектеп театры жұмыс істейді. “Мектеп театры” жобасы бойынша 1-5 сынып оқушылары тартылыпты. Бұны да балаға тәрбие берудің тиімді тәсілі десе болады. Оқушыларға рухани тәрбие беруде мектеп кітапханасы да үлкен жұмыс атқарып отыр. Осы орайда кітапханашы Гүлбану Төлегенова “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында көптеген шаралар ұйымдастырып, оқушылар мен ата-аналарды кітап оқуға баулып отырғаны өзгеге үлгі. Сонымен бірге кітапханада Коворкинг орталығы ашылған. Ол жоспарлы түрде жұмыс істеп тұр. Осының нәтижесінде оқушылар “Тұлпар мініп, ту алған” республикалық жобасының аудандық, облыстық кезеңдерінен жүлделі орындар иеленді.

Айта кеткен жөн, кітапхана қоры былтырғы оқу жылында кездесуге келген мектеп түлектері сыйға тартқан оқушыларға оқуға міндеттелген 50 дана көркем әдебиетпен толықты. Сонымен бірге мектепте “Ақиқат” дебат клубы бар. Бұл жобаның да негізгі мақсаты – оқушылар тәрбиесін қалыптастыру. Пікірсайыс жарыстарында оқушылар екі тарапқа бөлініп, қазіргі қоғамдағы жастарға қатысты өзекті тақырыптарды талқылап, ойларын ортаға салады.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ілгерілетуге күш салып, тынымсыз еңбек етіп келе жатқан мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Орынтай Әлтаева, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Самұрат Молдашев, бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары Шолпан Сейдалиева, бағдарлы ісі жөніндегі орынбасары Әділ Ибраевтардың еңбегін айырықша атап өткеніміз жөн. Сондай-ақ мектептің педагог-психологтары Асқар Ұбайдулаев пен Кәден Жансая және дефектолог Гүлпатша Көзберген оқушыларға психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетсе, Тасбике Досжанова мектептегі әлеуметтік бағытта атқарылатын жұмыстарды үйлестіріп отыр. Ал алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Еркін Ембергенов оқушыларға әскери патриоттық тәрбие беруде өзге әріптестеріне үлгі болып жүр.

Мектеп 2020 жылы күрделі жөндеуден өткен. Қазірде оқушылар толықтай жаңартылған еңселі ғимаратта сапалы білім, саналы тәрбие алып жатыр. Мектеп кабинеттерінің дені жаңадан жабдықталған. Атап айтсақ, 2 мультимедиа кабинеті бар және химия, физика, биология кабинеттері модификацияланған. Яғни оқушыларға жоғарыда аталған пәндерді заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы басқа қырынан тануға, тереңірек оқып білуге мүмкіндік жасалған. Робототехника кабинетінде жаңа заманның ғылымын үйренетін оқушылардың облыстық деңгейде жетістіктері бар. Мектеп ішіндегі әжетханалар да заманға сай жаңғырған және толық жұмыс істеп тұр. Одан бөлек мектеп асханасы жүйелі жұмыс істейді. 135 бала ыстық тамақпен қамтылған. Ас мәзірімен де таныстық. Аспаздардың айтуынша, оқушыларға ұсынатын тағамдарының құнары жоғары және экологиялық таза жергілікті бау-бақша өнімдері екен.

Былтырғы оқу жылында мектепті 13 оқушы бітірген. Ал тоғызыншы сынып бітірген оқушылардың арасынан Қоңтай Ақнұр, Төребек Аружан, Рақымжан Меруерт «Үздік аттестат» иегері атанған.

– Мемлекет басшысының өзі күнделікті мәселелерді шешумен қатар балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдап, сапалы білім алуы керектігін айтып келеді. Расымен елдің интеллектуалдық капиталы мен қоғамның инновациялық әлеуеті тек білім арқылы келетіні мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, халықтың білімге деген бұрынғы көзқарасы өзгерді, мектепті тек білімнің ғана емес, бүкіл қоғам дамуының қозғаушы күші деп таниды. Сондықтан мектебімізді білімнің өзегіне ғана емес, еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күшіне айналдыру жолында ұстаздар қауымы аянбай еңбек етіп келеді.

Биыл мектепті 15 түлек бітіреді. ҰБТ-ға дайындық жақсы. Әр сынама тест тапсырған сайын орташа балл жоғарылап келеді. Бұл орайда біз оқушыны ғана емес, оқушыға білім беретін мұғалімдерге деген талапты күшейтіп отырмыз және межелі үдеден шығуға ұжым болып күш салып келеміз, – дейді мектеп директоры Райса Іліас.

Райса Өмірзаққызы мектепке жергілікті кәсіпкерлердің жиі демеушілік жасап тұратынын жеткізді. Сонымен бірге «Real Stroi Invest» ЖШС және «Ер-Әлі», «Мақпалкөл», «Ақниет», «Нұрбек» шаруа қожалықтарының демеушілігімен жиналған қаражат мектептің ішкі қажеттілігіне жұмсалыпты. Орайы келгенде айта кеткеніміз жөн, жергілікті кәсіпкер, аудандық мәслихат депутаты Әліби Бекжанов былтырдан бері үздік оқушыларға арнайы шәкіртақы тағайындап келеді. Атап айтсақ, «Ер-Әлі» және «Құрманбай ата» шаруа қожалықтары 5-11 сыныптарда «үздік» оқитын 8 оқушыға 30 000 теңгеден, «екпінді» оқитын 14 оқушыға 20 000 теңгеден шәкіртақы тағайындап, оқу жылының соңында тапсырған. Еліміздің келешегін ұрпағының болашағымен байланыстыратын әрбір ата-ана кәсіпкердің бұл бастамасын қолдап, өзгелерге үлгі қылары анық.

Қуат АДИС

Сенбілік

Бала күнімізде анамыздан жиі еститініміз «Тазалықты әуелі есіктің алдынан, кіреберістен бастаңдар» деген сөз еді. Сонда «Адам бірінші анау төрден бастап ауызға дейін жинастырмайды ма?» дейтінбіз іштей. Ол кездегі үлкендердің осы сөзі біз үшін қате сияқты көрініп, реттілікпен тазалаған дұрыс емес пе деп өзімізше айтушы едік. «Ананың көңілі балада» деп тегін айтылмаған ғой, сонда әлгі сөздің өзі біз үшін үлкен тәрбиенің өзегі екенін түсінбеппіз.

Тазалыққа тастай талап қажет

Иә, тазалықты кіреберістен, өз аулаңнан бастаудың өзі тегін емес. Сырт көз сыншы демекші, көзге томпақ келетін кедір-бұдырды, аяғыңа оралатын күл-қоқысты, болмашы кемшілікті біздің көзіміз үйреніп кеткенімен, сырттан келген адам үшін айна-қатесіз көрініп тұратыны рас. Мейман келе жатқаннан аулаңа, кіреберісіңе қарайды. Егер тап-тұйнақтай болса, сүйсініп келіп, сүйсініп кетеді. Ал осындай абырой бәрімізге ортақ. Өйткені бұл киелі мекенде сіз бен біз өмір сүрудеміз. Артығы да, кемшілігі де, сын да бізге айтылады, сөз де өзімізге тиеді. Сондықтан әр тазалық маусымы болған сайын «Тазалықты өз аулаңнан баста» деген қағиданы, ұранды үндеуді көп айтатынымыз, жиі еститініміз де содан. Қазақ «Көп түкірсе, көл» дейді ғой, әрбір тұрғынның өз ауласынан бастаған тазалық жұмысы кентіміздің гүлденуіне үлкен үлес қосады.

Аудан орталығындағы көркейту-көгалдандыру жұмыстары кешеге дейін жалғасын тапты. Тазалыққа тастай талап керек екенін, өзіміз тұратын өлкенің күл-қоқыстан таза болуын, кез келген келеңсіздіктің ұяты өзімізге келетінін жете түсінетін кент тұрғындары тазалық маусымында бір кісідей атсалысты. Осының ізімен өткен сенбіде аудан орталығында және ауданға қарасты кент, ауылдық округтерде жаппай санитарлық тазарту іс-шарасы өтіп, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізді. Өңірдің өркендеуін, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, сенбілік жұмыстарының қарқын алуына өз үлесін қосты. Біріміз белімiз еңкейгенше жерді тырмаласақ, енді біріміз жанымызды салып сол қоқысты тасимыз. Тіпті отбасындағы тірлігін жиып қойып, сенбілікте белсенділік танытып жүретін аналарымыз да аз емес. Әрине мұның бәрі тазалық үшін, түптеп келгенде өзіміз үшін. Алайда бір биеден ала да туады, құла да туады демекші, қоғам болғасын әртүрлі көзқарастың болуы да заңдылық. Тазалық барлығына ортақ екенін білсе де, жауапкершіліктен жалтаруды құп көретіндер де табылып жатады.

Халық тарапынан кентті абаттандыру жұмысы туралы сөз болғанда айтылатын бір ғана жауап ол – әрбір үй иесінің тазалықты өз ауласынан бастауы. Бірақ қол қусырып қарап отырмау керек, әрекет етуге тиіспіз. Кенттің көркейіп-көгалдануы тек қаражатқа келіп тірелмейтінін түсінуіміз керек. Яғни өңірдің әрбір күл-қоқысын тазарту екі қолдың көмегімен жасалатын іс. Біле білсек, сол күл-қоқысты тастайтын өзіміз, әр ауланың айналасына тұрмыстық қалдықтарды жинап қоятын да өзіміз, қалаберді адам аяғы басуға болмайтын кір суын да төге салатын сол тұрғындардың өзі. Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырмыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлесін қосқаны абзал. Әрбір адам өзі тұратын үйдің ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, күл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың болмасы да анық. Әсіресе көше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәшік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен септігін тигізеді.

Жалпы жеке тұрғынның меншігіне қарасты аула әркез таза болса, сенбілік жұмыстарына білек сыбана кіріскен мекеме қызметкерлерінің де жұмысы жеңілдейді. Ал ауламыз таза, кентіңіз көркейіп тұрса, онда бәріміз үшін ортақ мақтаныш. Ал тазалықты өз ауламыздан бастау, сенбілік жұмыстарына бір кісідей атсалысу, ең бастысы жауапкершіліктен жалтармау керек.

Нұр НАУАН

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1961

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ